

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Ж.Қ.Асановқа

Жамбыл облысы
Тараз қаласының тұрғыны
Р.О.Болысовадан

Жамбыл облыстық сотының төрағасы Р.Мырзақәрімге АЛҒЫС ХАТ

Менің ұлым Данияр Қуантаевич Исатаев Тараз қаласы №2 сотының 04 қыркүйек 2019 жылғы үкімімен ҚК-нің 297-бабының 1-бөлігімен және 296-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған болатын.

Аталған үкімнің заңды екендігі үлкен күман тудырып, мен, 07 қазан 2019 жылы Жамбыл облыстық сотының төрағасы Р.Мырзақәрімұлының жеке қабылдауында болып, аталған мән-жайды сол кісінің назарына жеткіздім.

Төраға мені қабылдау барысында үкімді тексеріп, апелляциялық алқада заңды шешім шығарып беруін сұрадым. Содан, сот төрағасы үкімнің егжей тегжейлі тексеріліп, заңды шешім қабылданатынына сенім білдірді.

Апелляциялық сот алқасының 04 қараша 2019 жылғы қаулысымен менің ұлымның қылмыс жасағаны дәлелденбегендіктен үкім өзгертіліп ұлым сот залынан босатылды. Осыдан соттардың әділ және адал екендігіне көзім жетті.

Құрметті Жақып Қажыманұлы!

Сіздің бастамаңызбен жүргізіліп жатқан бұл игі істеріңізге ризашылығымды білдіре отырып, Жамбыл облыстық сотының төрағасы Рустем Мырзақәрімұлына алғыс айтқым келеді.

Құрметпен Райкуль Болысова

Райкуль Болысова Р.О.

